

«28» сәуір 2023 ж.

7) Құқық және экономика жоғары мектеп білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлер санын арттыру мақсатында мансап және жұмысқа орналастыру орталығымен бірлесіп қала, облыс мектептері мен колледждерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту (жауаптылар – ҚжЭЖМ деканы, БББ жетекшілері, МЖОО директоры, орындалу уақыты – 01.07.2023 ж.).

Қ.М. Баймырзаев

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«28» сәуір 2023 ж.

Университетте білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асырылуының қорытындыларын тыңдап, соңғы 2 академиялық жыл ішінде мынадай қорытындылар жасалды:

- оқу процесіне тартылған шетелдік ғалымдар саны – 35 адам;
- оқу процесіне тартылған қазақстандық ғалымдардың саны-42 адам;
- Университеттің 43 білімгері сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында білім алды;
- ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 5 білімгер Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқудан өтті;
- Жетісу университетін жоғары оқу орны ретінде 92 шетелдік білімгер таңдады;

Халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығы шетелдік және қазақстандық ғалымдарды оқыту сапасы туралы білім алушылардың арасында сауалнама жүргізді, сондай-ақ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары оқу орындарында онлайн және офлайн форматта оқудан өткен білім алушылар арасында сауалнама жүргізді.

«Университеттегі білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы» мәселесі бойынша Ғылыми Кеңестің шешімі:

1. Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі ПОҚ академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуды және білімгерлердің ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуды күшейту (жауаптылар: ДШӨЖМ деканы, ББ басшылары, ХЫСДО директоры, жыл бойы);

2. Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, құқық және экономика жоғары мектебі, педагогика және психология жоғары мектебі, жаратылыстану жоғары мектебі және техника ғылымдар жоғары мектебі ПОҚ академиялық алмасу бағдарламасын өтеусіз негізде іске асыруды бастау (жауапты: жоғары мектеп декандары, ББ басшылары, ХЫСДО директоры, жыл бойы);

3. Техникалық ғылымдар жоғары мектебі мен дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі республикалық бюджет қаражаты есебінен білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу (жауапты: жоғары мектеп декандары, ББ басшылары, ХЫСДО директоры, жыл бойы);

4. Шетелдік студенттерді тарту мақсатында жоғары мектептерде ағылшын тілінде оқытатын білім беру бағдарламаларын анықтау (жауапты: жоғары мектеп декандары, ББ басшылары, ХЫСДО директоры, жыл бойы).

Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми Кеңес төрағасы



Қ.М. Баймырзаев